


2.3.2021

# Виртуалды көрме

Виртуальная выставка



## САЗ ӘЛЕМІНІҢ САРДАРЫ

Ахмет Қуанұлы Жұбанов қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым , әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық артисі, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик.1906 жылы 29 сәуірде Ақтөбе облысы Темір ауданында Ақжар деген жерде дүниеге келген. Ахметтің әкесі Қуан балаларын оқытуды армандайды, осы ниетпен Темір уезіне берілген екі мектептің бірін өз ауылында ашқызады.1911 жылы Темір уезінде екі орыс мектебі ашылды. Сол жылы оқу бітірген Құсайын есімді мұғалім уезге келеді. Ол Ахмет Жұбановтың үйінде жатады. Құсайын домбыра мен скрипка, мондолин тартады, аздап нотадан да хабары болған. Осы аспаптың қайсысында ойнаса да, Ахмет Жұбанов жанынан табылған.

Республикадағы музыкатану ілімінің негізін қалаған А.Жұбанов өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында қазақ халық композиторлық-орындаушылық мектебінің үздік өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеді. Қазақ халқының кең тараған аспаптық және ән орындаушылық дәстүрлерінің халық жадында қалған танымал тұлғаларының шығармашылық жолына арналған “Ғасырлар пернесі” және “Замана бұлбұлдары” атты монографиялық туындылары жеке кітап болып басылып шықты. Өмірлік тақырыбына айналған “Құрманғазы” монографиясы кезінде алғашқы буын зерттеушілерден кеткен олқылықтарды жан-жақты толықтырып, ұлы күйшінің есімін биікке асқақтата көтерді. Қазақ музыкатану тарихына, қазақ даласында қалыптасқан композиторлық, орындаушылық дәстүрлер жайлы мол мағлұматтар беретін А.Жұбанов қалдырған ғылыми, публицистикалық еңбектер біздің қымбат қазыналарымыз. Белгілі өнертанушы Б.Ғизатовтың “Ғасырлар пернесі” мен “Замана бұлбұлдары” қазақ музыкасына қойылған үлкен ескерткіш іспеттес” деп айтқан пікіріне алып қосарымыз жоқ. Одан бөлек, "Мұқан Төлебаев" туралы очеркі, "Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы" және "Ән-күй сапары" , "Әндер, романстар, хорлар" монографияларының авторы.



**Кітаптар саны: 21**

**Оқытушылар назарына:** [Кітап қорының қалыптасуы бойынша ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)

[Қорымыздың басқа кітаптарымен танысу үшін осы жерді басыңыз.](#)





	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Замана бұлбұлдары: монография / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1963. - 430,[2] б.</b></p> <p>Кітапта сонау Біржан сал, Аңан сері, Жаяу Мұса, Мұхиттардан бастап қазіргі ән қайраткерлері туралы әңгіме болады. Бұл еңбек — академик Ахмет Жұбановтың көп жылдар бойында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі. Көпшілікке аса ұғымды тілмен жазылған.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Замана бұлбұлдары: қаз. әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Жазушы, 1975. - 464 б.</b></p> <p>Кітапта сонау Біржан сал, Аңан сері, Жаяу Мұса, Мұхиттардан бастап қазіргі ән қайраткерлері туралы әңгіме болады. Бұл еңбек — академик Ахмет Жұбановтың көп жылдар бойында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі. Көпшілікке аса ұғымды тілмен жазылған.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Мұқан Төлебаев: Очерк / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1963. - 44 б.</b></p> <p>Бұл кітапшада көрнекті совет композиторлары, Совет Одағының халық артисі Мұқан Төлебаевтың өмірі мен творчестволық жолы баяндайды.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>

	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Ғасырлар пернесі: (қаз. халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер) / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Жазушы, 1975. - 400 б.</b></p> <p>Академик Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі» атты бұл кітабы қазақ халқының композиторларының өмірі мен творчествосына арналған очерктерден құралған. Бұл очерктерде негізінен Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Абылдың, Тәттімбеттің, Қазанғалтың творчествосынан соны деректер берілген.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы : монография / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Қазмембiрiкбас., 1942. - 234,[2] б.</b></p> <p>А.Жұбанов осы еңбегі үшін қорғаусыз өнертану докторы ғылыми дәрежесі берілген. Кітапта халқымыздың өткен өмірінен қызықты деректер, көріністер, дарынды халық композиторлары туралы ой-пікірлер, сирек деректер келтірілген.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Құрманғазы Сағырбаев: Өмірі мен творчествосы / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Жалын, 1978. - 365 б.</b></p> <p>Құрманғазы Сағырбайұлы – халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін, қуанышын өз күйлерінде көрсете білген күрескер күйші. Оның күйлерін тыңдаған адам тебіренбей қоймайды. Белгілі «Адай», «Сарыарқа», «Серпер», «Кішкентай», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Аман бол, шешем, аман бол», т.б. туындылары – халқымыздың баға жетпес рухани байлығы.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>



	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Құрманғазы Сағырбаев: өмірі мен творчествосы / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1960. - 270,[1] б.</b></p> <p>Құрманғазы атамыздың өмірі мен шығармашылығына, қазақ мәдениеті мен ән-күй өнеріне тигізген ықпалы туралы жан-жақты баяндалады.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Ән-күй сапары: монография / Қаз. ССР ҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты. - Алматы: Ғылым, 1976. - 480 б.</b></p> <p>Бұл кітап қазақтың тұңғыш академик композиторы қызық музыка мәдениетінің ірі қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың таңдамалы, ғылыми зерттеу, музыкалы сын еңбектерінің I томы.</p> <p>Салиқалы жинаққа енген зерттеу, мақала, очерктерде Қазақстанның музыка мәдениетіне қатынасты мәселелер, қазақ музыкасының әртүрлі жанрларының қалыптасу, өсу жолдары, халық аспаптарының шығу тарихы және оның әрі қарай дамуы жайлы сөз болады.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Әндер, романстар, хорлар: монография / А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1957. - 125 б.</b></p> <p>Ахмет Жұбанов Абайдың Музыкалық Мұрасы. ... Абай әндері, халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды қазақтың халықтық музыка салтында болмаған жаңа музыкалық өткір тіл мен жаңашыл өлең текстіне құрылуы да себеп болды. Абай әндері бізге, автордың өз нұсқасындай өзгеріссіз, қосымшасыз жетті деп айта алмаймыз.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>

	<p><b>Жұбанов А. Қ.</b>  <b>Өскен өнер: (мақалалар мен зерттеулер) /</b>  <b>А. Қ. Жұбанов. - Алматы: Ғылым, 1985. -</b>  <b>244 б.</b></p> <p>Бұл кітапқа қазақ музыка мәдениетінде өшпес із қалдырған айтулы композитор, асыл азамат, үлкен ғалым, талантты дирижер Ахмет Қуанұлы Жұбановтың әр кезеңде жазылған зерттеулері мен ғылыми-сын мақалалары еніп отыр. Автор қай тақырыпта сөз қозғаса да көкейкесті мәселелерді толғайды.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жұбанов Ахмет: монография / [құраст. Н. С Кетегенова, А. Қ. Омарова]. - Алматы: Өнер, 2006. - 97,[1] б.).</b></p> <p>Туғанына 100 жыл толуына орай шығарылып отырған бұл кітапқа А. Жұбановтың замандастарының, шәкірттерінің эссе-естеліктері мен композитор-педагогтің өзінің де өнер туралы мақалалары енгізіліп отыр.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жубанов А. Ахмет.</b>  <b>Соловьи столетий: монография / А. Ахмет. Жубанов. - Алма-Ата: Жазушы, 1967. - 407, [5] б.</b></p> <p>“Соловьи столетий” - книга очерков о казахских народных певцах-композиторах, певцах-исполнителях - многолетний труд композитора профессора Ахмета Жубанова. Автор рассказывает в ней о Биржан-сале, Ахане-серэ, Мухите и других народных композиторах и певцах.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>

	<p><b>Жубанов А. Ахмет.</b>  <b>Струны столетий: очерки о жизни и творческой деятельности казахских народных композиторов / А. Ахмет. Жубанов. - Алма-Ата: Худож. лит. 1958. - 393,[3] с.</b></p> <p>В книге представлены фактические материалы (стенограммы), касающиеся жизненных зигзагов выдающегося композитора и ученого, народного артиста Казахстана, академика АН КазССР, доктора искусствоведения, профессора Ахмета Куановича Жубанова.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Аравин П.</b>  <b>Степные созвездия. Очерки и этюды о казахской музыке.- Алма-Ата. Жалын, 1978.-184 с.</b></p> <p>Книга «Степные созвездия» -результат многолетней кропотливой работы проф. П.В. Аравина в области казахского музыковедения. В нее вошли очерки этюды о народной музыке, интересные материалы о выдающихся кюйши Даулеткерее и Курмангазы, статьи, содержащие глубокий анализ особенностей казахских народных кюев.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Гизатов, Бисенгали.</b>  <b>Академик Ахмет Жубанов : жизнь и творчество (1906-1968) / Б. Гизатов. - Алма-Ата : Жазушы, 1972. - 267, [1] с.</b></p> <p>Книга известного музыковеда Бисенгали Гизатова посвящена жизни и творчеству выдающегося казахского композитора и ученого Ахмета Жубанова. Автор дает глубокий анализ не только творчеству композитора, но всесторонне останавливается на его научной, общественной деятельности.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>

	<p><b>Жұбанов Ахмет: монография / [құраст. Н. С Кетегенова, А. Қ. Омарова]. - Алматы: Өнер, 2006. - 97,[1] б.</b></p> <p>В издании вниманию читателей предоставлены архивные материалы, воспоминания известных учёных, современников, учеников и родных об Ахмете Куановиче Жубанове, а также фотоматериалы разных лет.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Жұбанова А. Ажар.</b>  <b>Ахмет Жұбанов - қазақ халқының атақты ұлы = Ахмет Жубанов - великий сын казахского народа: монография / А. Ажар. Жұбанова. - Алматы: Көркем, 2006. - 36,[4] б.</b></p> <p>Ахмет Жұбановтың 100 жылдық мерей тойына арналып шығарылған.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Рсалдин Ж. Жиенбек.</b>  <b>Ахмет Жұбанов: монография / Ж. Жиенбек. Рсалдин. - Алматы: Ғылым, 1966. - 112 б.</b></p> <p>Бұл шағын кітапшасында Ахмет Куанұлы Жұбановтың творчестволық өмір жолы бачндалады. Автор А. Жұбановтың қазақ совет музыка өнері саласындағы ұйымдастырушылық ісін, ғалымдығын, композиторлығын, ұстаздығын жан-жақты сөз етуді мақсат етеді.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Қасымжанов А. Х.</b>  <b>Ұлы даланың зиялылары: монография / А. Х. Қасымжанов. - Алматы: Қазақ ун-ті, 1996. - 154,[2] с.</b></p> <p>Бұл шағын кітапшада көпшілікке онша танымал емесе Күлтегін, Тоныкөк, Майқы биден бастап, көпшілікке есімдері жақсы таныс, бірақ осы уақытқа дейінгі сыңаржақты баға берілген, қазақ попырағында дүниеге келген ұлы зиялылар Кенесары, Сұстафа Шоқай, шәкәрім, Мағжан, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов т.б. ,</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>



	<p>М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов т.б. 34 қазақ зиялыларының портреттері (келбеттері берілген).</p>	
	<p><b>Ахмет Жубанов в годы апогея сталинской политической репрессии: монография / КазНУ им. аль-Фараби; [под ред. Ж. К. Таймагамбетов]. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2013. - 211, [15] с.</b></p> <p>В книге представлены фактические материалы, касающиеся жизненных zig-zagov выдающегося композитора и ученого, народного артиста Казахстана, академика АН КазССР, доктора искусствоведения, профессора Ахмета Куановича Жубанова.</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>
	<p><b>Композиторы Казахстана : в 3-х т. / М-во культуры и информ. РК, Ком. информ. и архивов; [сост. Н. С. Кетегенова; отв. ред. А. С. Нусупова]. - Алматы : Алматы-Болаша?, 2012 - Т. 1 : Творческие портреты композиторов Казахстана. - 359, [1] с.</b></p> <p>Книга посвящена жизни и творчеству известных композиторов Казахстана. Сборник статей в 3-х томах содержит очерки о более шестидесяти профессиональных композиторах разных поколений, сыгравших важную роль в становлении и развитии музыкальной культуры Республики. На современном этапе определилась и целая плеяда музыковедов-ученых, которые плодотворно разрабатывают многоуровневые связи профессиональной музыки с казахскими народными традициями. Под руководством профессора Н.С. Кетегеновой осуществлена новая серия творческих портретов «Композиторы Казахстана».</p>	<p><a href="#">Найти электронную версию</a></p>